



ӘОЖ 811.512.1
ГТАХР 16.21.33
DOI 10.37238/1680-0761.2021.83(3).10

¹Рысбаева Г.Қ.*, ²Исаева Ж.Т., ³Тұңғышбаева Ғ.Ж., ⁴Алиева С.А.

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

²С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті,
Алматы, Қазақстан

³Каспий қоғамдық университеті, Алматы, Қазақстан

⁴М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы,
Алматы, Қазақстан

*Корреспондент авторы: guldarhan@inbox.ru

E-mail: guldarhan@inbox.ru, zhanar_isaeva@inbox.ru, galiya503@gmail.com,
a_salima@mail.ru

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада автор түркі халықтарының рухани мұрасы жайлы сөз қозғайды. Бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын ескерткіштердің бірі - бүкіл әлемге әйгілі болған VIII ғасырдағы Орхон-енисей ескерткіштегі жазулардан «Алла», «Құдай», «Тәңірі» культтік сөздерінің әлемнің тілдік бейнесі тұрғысынан қарастырады. Араб-парсы тілдерінен енген «Құдай», «Алла», «Тәңірі» культтік лексемалар негізгі тірек компонент қызметін атқарып, «берді», «берген» деген етістіктермен тіркесіп келіп Аллаберген, Тәңірберген, Құдайберген, Жасаған берген, Аллаберді, Құдайберді, Тәңірберді сияқты ер адамдардың есімдері жасалады. Ұлттық дүниетанымдағы «жаратушы күштер» концептісінің когнитивтік моделін - «Құдай», «Алла», «Тәңірі» синонимдес концептілер арқылы анықтап, этностық дүниетаным мен салт-дәстүрге, наным-сенімдерге қатысты байырғы лексикадан қалыптасқан когнитивтік бірліктерге этнолингвистикалық талдау жасалады. «Құдай», «Алла», «Тәңірі» тірек-сөздерімен келген культтік фразеологизмдердің түркі халықтарының дүниетанымдық жүйесінде алатын орны айырықша, мифтік-танымдық бірліктер болып табылады. Адам санасында дүниенің көрінісі когнитивтік құрылым, когнитивтік бірліктер арқылы іске асырылады.

Кілт сөздер: рухани мұра; Орхон-енисей ескерткіші; культтік сөздер; Алла; Құдай; Тәңірі.

Кіріспе

Түбі бір түркі дүниесінің ортақ құндылығы саналатын түркі жазуы - тарихы ортақ, тағдыры ұқсас түркі тілдес мемлекеттердің тарихы. Бүгінгі ғаламдастыру, жаһандандыру саясатының аясында әлем бейнесінің көрінісі саналатын тіл - ең алдымен дүниенің көрінісін, бейнесін сипаттайды, таңбалайды. Рухани дүниенің жаңғыруы - халықтың әлеуметтік-психологиялық, ұлттық болмысы.

Түркі дүниесінің ортақ құндылығына қатысты В.Томсен, В.В.Радлов, Н.Х.Оркун, С.Е.Малов, Т.Текин, С.Г.Кляшторный, В.А.Лившиц, А.Н.Кононов, В.Д.Кормушин, Г.Клосон, В.Атлай, А.Фон Гавен, А.М.Щербак, т.б. және Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Айдаров, С.Аманжолов, Ә.Құрышжанов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдасбеков, С.Қасқабасов, Ғ.Мұсабаев, Қ.Өмірәлиев, Қ.Сартқожаұлы, т.б. ғалымдардың еңбегін атауға болады.



Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу әдістері жұмыстың алдына қойған мақсат-міндеттеріне байланысты айқындалды. Мақалада көзделген мақсат-міндеттерді шешу барысында зерттеудің диахрондық-синхрондық, сипаттама, талдау, тарихи салыстырмалы, салғастырмалық, типологиялық зерттеу, этимологиялық түсіндіру, құрылымдық және фреймдік талдау әдістері қолданылды. Салыстырмалы әдіс арқылы қазақ, қырғыз, татар, өзбек тілдеріндегі тілдік деректердің тарихы, мәдени, діни, т.б. туысқандық тамыры айқындалды.

«Тәңірі» сөзінің ежелден түркі тілдеріне меншікті сөз екендігін түркі халықтарының мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын, бүкіл әлемге әйгілі болған Орхон ескерткіштеріне (VIIIғ.) арналған тарихи ескерткіштерде қолданылуымен дәлелденеді. Орхон ескерткіштері: Күлтегін, Тоныкөкке арналған ескерткіштегі жазулардан көне түркі халықтарының Тәңірге, Күнге, суға табынып, тағзым еткенін толық аңғаруға болады. Күлтегін ескерткіші Түркі халықтарының баға жетпес мәдени байлығы.

Зерттеу нәтижелері

Түркі халықтарының дүниетанымында, рухани болмысы мен тіршілігінде, оның «ғалам бейнесінде» культ концептісіне енген «Жаратушы күштер» концептосферасы «құдай», «алла», «тәңір» культтік лексемалар аясында топтастырылды. Жаратушы күштер» концептісімен байланысты тілдік құрылымдар бір күннің жемісі емес, ғасырлар бойы жасалып, өшпей, ұмытылмай, өз мәні мен күшін жоймай бүгінге дейін келіп отыр.

Тарихи деректерге бойынша «Күлтегін», «Тоныкөк» ескерткіштеріндегі жазбаларында «Тәңірі» сөзінің ежелден түркі халықтарының мәдениетінің тарихында елеулі орын алғандығын байқауға болады:

Күлтегіннің үлкен жазуында:

Үзе көк теңрі,
Асра йағыз йір қылынтукда,
Екін ара кісі оғлы қылынмыс.

Кісі оғлынта үзе ечүм апам
Бумын қаған, Істемі қаған
олурмыш.
Олурыпан, түрк будуның
илін, төрүсін тута бірміс,
іті бірміс.

Күлтегіннің кіші жазуында:

Теңрі тег, теңріде болмыш
Түрк Білге қаған,
Бұ өдке олуртым.

Тоныкөк жазуында:

Теңрі йарулқазу!
Бікүл түрк будунқа
йаруғлуғ йағуғ келтүрмедім.
Төгүнлік атуғ йүртмедім.

деген жазулар соған дәлел [1,б. 44].

Аудармасы:

Биікте көк тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам
баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ата-тегім
Бумын қаған, Істемі қаған
отырған.
Отырып, түркі халқының
Ел-жұртын қалыптастырған,
иелік еткен.

Аудармасы:

Тәңірдей тәңірі жаратқан
Түрік Білге қаған,
Бұл шақта отырдым.

Аудармасы:

Тәңірі жарылқады!
Бүкіл түркі халқына
қарулы жау келтірмедім,
Атты әскер жолатпадым. –

Біздің ойымызша «Тәңірі» - байырғы түркілердің табынатын, жаратушы жалғыз құдайы. Тәңірге табыну дінінде - бүкіл әлемді, ондағы тіршілік атаулыны, яғни жаратылыстың бәрін жасаушы жалғыз құдіретті күш бар екені мәлімденген. Сондықтан болар көне түркілер бағзы заманнан қуанса да, қайғырса да, қиындыққа душар болса да,



алдағы мақсатына, арманына жетуді көздесе де, бір нәрсені атқарса да, алысқа жол жүретін болса да, аманшылық, денсаулық тілесе де, көкке қарап тағзым ететін болған. Түркі тектес халықтардың дәстүріне сіңісіп кеткен бетке перде ұстау ғұрпы, қазақ халқында келін түсіргенде, келіннің бетіне ақ перде жауып келіп, қайын атасы, қайын енесі, қайын ағалары мен қайын апаларына сәлем бергізу кезеңіндегі оң тізілерін үш рет бүгетіні Тәңірге сыйынып, күнге құрмет көрсетуден бастау алған. Тәңірлік діннің негізі халықтың дүниетанымынан туындаған, табиғатқа табыну, табиғатты ардақтау салты, аспан денелеріне сыйыну, ата-бабаны ардақтау, ата-баба аруағына сыйыну салты құрайды. Ата-ананы сыйлап пір тұту халқымыздың асыл қасиеттерінің бірі. Аруаққа сыйыну - тіршілікте тындырған істеріне байланысты айрықша қасиет иесі саналған ардақты аталардың рухымен қанаттану, тең болуға талаптану ұғымын білдіреді. Қазақтарда аруақты қастерлеу салты қазіргі күнге дейін өз күшінде.

Тәңір сөзі түркі халықтарында, мәселен, қырғызша - «теңир», «тенир», ұйғырша - «тәңри», өзбекше - «тангри», татарша - «теңре», қарақалпақша - «теңир», алтайша - «тенгри», якутша - «тангара», хакашша - «тигир», «тер», қарашай-балқарша - «тейри», құмықша - «тенгри», «тенгири» және монғолша - «тэнгэр» деп аталады.

Қазақ тіліндегі «Тәңір жаратқан», «Тәңір жарылқасын!», т.б., қырғыз тіліндегі «Тенир жарылғасын!» «Тенир жалғасын!», - сөзбе-сөз: «тәңірі (құдай) оңдасын, жолы болсын», қазақ тіліндегі «Тәңір қолдасын!», қырғыз тіліндегі «Тенирим колдосун!» - сөзбе-сөз: «тәңірі оңдады, жарылқады», т.б. және «Тәңір алғыр!», «Тәңір ұрсын!», қырғыз тілінде «Тенир урсун!» - сөзбе-сөз: «кұры, жоғал, өл» деген мағынадағы қарғыс, т.б. сияқты Тәңір теонимінің қатысуымен жасалған фразеологизмдер қазақ-қырғыз халқының дәстүрлі тәңірлік танымын танытатын, ұқсас бейнелі тіркестер болып саналады.

Тәңірі лексемасы тілдік ұжымның когнитивтік санасында тірек сөз концепт ретінде танылып, оның аясына: тәңір алғыр, тәңір атсын, тәңір жазды, тәңір жарылқасын, тәңір тұтты, тәңір пана болсын, тәңір жар болсын, тәңір бұйрығы, тәңір құдіреті, тәңір береке берсін, тәңір жолы, тәңірінің күні, тәңірінің құлы, тәңір сақтасын, тәңірге сыйыну, тәңірге табыну, тәңірден тілеу, тәңірі тізгін оңдаса, тәңірі ісі, т.с.с. мағынасымен байланысты мәнділік ақпараттарды топтастырған. Тәңір алғыр! тәңір алсын! тәңір атқыр! тәңір берсін! тәңірден тап! тәңір жүзінді аулақ қылсын! тәңір кессін! деген сияқты тіркестер қарғыс мағынада қолданылады. Ал, Тәңір бағынды ашсын! Тәңір береке берсін! Тәңір жарылқағыр! Тәңір жарылқасын! Тәңір ием жар болсын! Тәңір қолдасын! Тәңір қуат берсін! Тәңір пана болсын! Тәңір оңдасын! Тәңір тілеуінді берсін! деген сияқты тіркестер алғыс, тілек мәнде қолданылады.

Концептілік өріс аясына кіретін «Тәңірі», «Құдай» культтік лексемасын тілдік санада кейде бірін-бірі ауысырып та қолданылады, синонимдес сөздер, сөйлемде атқаратын қызметтері де бірдей. «Тәңіріге арнап құрбандық шалу» немесе «Құдайға арнап құрбандық шалу» - тәңірді атап мал садақа берді дегенді білдірсе; «Тәңірден мойнына бұршақ салып сұрап [тілеп] алды» немесе «Құдайдан мойнына бұршақ салып сұрап [тілеп] алды» - құдайға мал, жан атап жүріп тапты деген мағынаны білдіреді. «Тәңірден сұрап [тілеп] алған жалғызы» немесе «Құдайдан сұрап [тілеп] алған жалғызы» - әлпештеген сүйіктісі дегенді білдіреді.

Түркі халықтарының мәдениетінде адам есімдеріне де үлкен көңіл бөлінген. Культтік лексемалардың антропонимиялық қордағы үлесін қазақ тіліндегі есімдер ғана емес, араб, парсы тілдерінен енген антропонимдер де құрайды. Түркі халықтарының дүниетанымында, рухани болмысы мен тіршілігінде, оның «ғалам бейнесінде» культ концептісіне енген «Жаратушы күштер» концептосферасы «құдай», «алла», «тәңір» культтік лексемалар аясында топтастырылды. Кез келген халықтың антропонимиясында әйел, еркек есімдері болады, кісі есімдерінің қойылу үрдісінде гендерлік жүйе сақталады.

Татар антропонимия саласын зерттеуші ғалым Г.Р.Галиуллина: «Түркі атауында Тәңір (Тәңір) компонентімен келесі атаулар кездеседі: Тәңірбиргән, Тәңірбирде, Тәңірқұл. Антропонимдерде, тілдік белгілердегідей, алдыңғы дәуірлердің халықтық жады сақталған.



Жоғарыда аталған күрделі атаулардағы культтік сөздерден тәңірдің пұтқа табынушы құдайлар иерархиясындағы ерекше орнын көрсетеді. Аллабирде, Аллабиргән, Аллагол, Ходайбирде, Құдайбақты, Ходайбақты және т.б. ерлердің есімдері түркі-татарлардың ата-бабалары салған дәстүрлерді тұжырымдайды дей келе, баланы «алла биргән», «алла биргәнем», «алла бабасының улы/қызы» (құдайдың бергені, құдайдың бере салған ұлы/қызы)» - деп өз ойын жеткізеді [2,б.34]. Қырғыз антропонимикасын зерттеуші: Қырғыз халқында да жаратушы күштерге байланысты қойылған «Алдаберди, Теңирберди, Қудайберди» деген адам есімдері кездеседі дей келе, «Теңізбай журту жөнүндө» деген әңгімесінде үзінді келтіреді: «Біреу балалары есейе бастағанда, Теңізбай Суумурунга барады. «Маған текті жерден қалыңдық тауып беріңіз?» дейді. Суумурун қарындасын күйеуге беріп, қалың мал алып қойғандықтан, өз қызын беруге тура келеді. Содан кейін Алдаберди, Теңирберди, Қудайберди деген ұлды болады. Сөйтіп алты ұлдан көбейіп, жеке ел болады» [3,б.126]. Өзбек антропонимикасын зерттеуші Э.Бегметов: Өзбек халқындағы Тангриберген, Тангриберди, Тангрикүл, Қуанышбек, Ойзада, Ойкон деген есімдер Аспан, күн, айға табынуымен байланысты, осы Аспан мен жер бетіндегі «құдайларға» табыну мен құрмет көрсетудің жарқын дәлелі болып табылады», - деп жазады [4,б.18]. Жоғарыда келтірілген қазақ, қырғыз, өзбек, татар тілдеріндегі адам есімдерінің қойылу мағыналары жағынан ортақ ұғымдық, дүниетанымдық байланыс бар екенін аңғардық. Бұл үш тілдегі адам есімдерінің айтылуы жағынан фонетикалық өзгеріске түскенімен, семантикалық мағынасы бірдей.

Қазақ халқы ат қоюға ерекше көңіл бөлген. Сәбидің есімін жақсы, беделді кісілерге қойғызып, батасын алатын болған. Жаңа туған сәбидің есімін ұлттық дәстүрімізге қарай бейімдеп, жақсы ат қоюға тырысқан.

«Алла», «Құдай», «Тәңірі», «Жасаған», «Жаппар» сияқты культтік сөздері негізгі тірек компонент қызметін атқарып, «берді», «берген» деген етістіктермен тіркесіп келіп Аллаберген, Тәңірберген, Жасағанберген, Құдайберген, Аллаберді, Құдайберді, Тәңірберді сияқты кісі есімдері жасалады. Қазақ халқының ұғымында бұл атаулардың сыртқы формасы әртүрлі болғанымен, мағынасы мен мәні бір.

Бұл культтік сөздердің астарында «құдай берді», «құдай бере салды», «алла берді», «алла бере салды» деген танымдық түсінік бойынша баланы жаратушы «бір алла берді» деген сеніммен осылайша балаға ат (есім) берген. «Алла+берді», «Құдай+берді», «Тәңір+берді», «Алла+берген», «Құдай+берген», «Тәңір+берген» деген құрылымдық модельдер жасайды. Адамдар балаларын жақсы көргенде «алла берген», «алла бере салған», «алланың берген құлы» деген когнитивтік бірліктер осы мақсатта айтылған.

Алла сөзінің көркем есімдерінің де алдына «Абд» яғни «пенде», «құл» деген сөзді, кейде Алла сөзінен соң «Абд» яғни «пенде», «құл» деген сөзді қосып адамдарға есім етіп қойған. Мысалы, «Абд» сөздің басында келіп, «Абдулла», «Абдуррахман», «Абдуррахим» деген кісі есімдері жасалса, сөздің соңында «абд» яғни «пенде», «құл» сөзі жалғасып келіп, «Құдайқұл», «Жаппарқұл», «Тәңірқұл» деген адам есімдері де жасалады. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) балаларға ат қою туралы сұралғанда, ол: «Есімдердің ең абзалдары - Аллаһтың көркем есімдеріне «Абд» сөзін қосып құралған есімдер» деген болатын. Бұл есімдердің астарында «алла берген», «алла бере салған», «алланың берген құлы» деген мақсатта айтылған когнитивтік бірліктер байқалады. «Абд» яғни «пенде», «құл» сөздерінің сөзжасамдық мәні бар.

«Аллаберген, Тәңірберген, Жасағанберген, Құдайберген» сөздеріне мәнделес «Тілепберген», Тілеуберген, «Тілеуқабыл» деген кісі есімдерінің де негізгі мәні - баланы алладан тілеп жүріп көргені мен тілегенінің қабыл болғаны деген мағынада жұмсалады. Атаудың екінші сыңарындағы «берген», «қабыл» сөздерінің де туынды сөздің мағынасына қосатын сөзжасамдық мәні бар.

Культтік лексемалардың антропонимиялық қордағы үлесін қазақ тіліндегі есімдер ғана емес, араб, парсы тілдерінен енген антропонимдер де құрайды. «Алла» араб тілінен, «Құдай» парсы тілінен енген, «Тәңірі» көне түркі тілінен, «Жаппар», «Жаратушы» қазақ



тіліндегі баламасы. Аллаберген, Құдайберген, Тәңірберген, Аллаберді, Құдайберді, Тәңірберді, Құдайқұл, Тәңірқұл, Жаппар, Жаппарқұл, Жаппарәлі деген сияқты жаратушы күштерге қатысты туындаған ер адамдардың есімдері қазіргі таңда да өте сирек кездеседі. Дәл осындай ұқсастықтар басқа да түркі тілдес халықтарда да бар. «Алла», «Құдай», «Тәңірі» культтік сөздері түркі-татарлардың да адам есімдерінде: «Аллабирде, Аллабиргән, Аллагол, Ходайбирде, Қудайбакты, Ходайбакты, Тәңребиргән, Тәңребирде, Тәңрекол, Тәңребирдиев, Тәңребирдин, Тәңрегулов» деп кездесе, «алла биргән», «алла биргәнем», «алла бабасының улы/қызы» деген когнитивтік бірліктер балаларын еркелеткенде жиі айтылады [5,б.104-105].

Көптеген ғалымдардың пікірінше, Ай культімен, Күн культімен, Жұлдыз культімен байланысты антропонимдер ең көне болып есептеледі. Ай және күн компоненті бар есімдер түркілерде кеңінен таралған есімдер болып саналады. Көне түркі тілінде Ай культі компонентінің бірінші орында тұруынан Ај қауап (Ай қаған), Ај ölüтgi (Ай өлүтчи, Ай өлді), Ај toldi (Ай толды) секілді есімдер көне түркі сөздігінде кездеседі. Түркі халықтарының антропоним жасам жүйесінде Ай культі кеңінен таралған, тұрақты әрі белсенді қолданылатын антрополексема. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» шығармасындағы Айтолды және Күнтуды деген қыз баланың есімдері де екі сөздің бірігуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін құрылымдық модельдер жасайды: Ай+толды, Күн+толды. «Құтты біліктегі» басты кейіпкерлердің есімдері Айтолды және Күнтуды, олардың есімдері дәулетпен (бақытпен) және әділдікпен байланысты. Аспан культі мен жұлдыздарға қатысты қазақ есімдері аспанға, суға, жерге табынған көне түркілердің наным-сенімімен байланыстырылады (Т.Жанұзақов). Айға байланысты: Айсұлу, Айжарық, Айжарқын, Айнұр, Айшуақ, Айбарша, Айжан, Айкүміс, Айпара, Айбек, Айдос, Айдар, Айдарбек, Айерке, т.б.; Күнге байланысты: Күнсұлу, Күнжарық, Күнту, Күнтуар, Нұрай, Нұралы, Нұрсұлу, Нұржан, Нұрғаным, Нұртай, Нұрбала, Нұрбол, Нұрбай, Нұрбек, Нұрбибі, Нұралы, Нұрғали, Нұрсұлтан, Нұрсұлу, Нұргүл, Нұржігіт, Нұрқасым, Нұртуған, Сауле, Айсәуле, Нұрсауле, т.б.; Жұлдызға байланысты: Айжұлдыз, Жұлдыз, Жұлдызай, Шолпан, Венера, Есекқырған, Үркер, т.б. кісі есімдері қойылған. Профессор Қ.Жұбанов аспан денелері Күнсұлу, Айсұлу, Таңсұлу, Күнжарық, Айжарық, Таңжарық есімдері туралы былай дейді: «Әйел адамдарының есімдері Күнсұлу (сұлу күн), Айсұлу (сұлу ай), Таңсұлу (сұлу таң), немесе соларға ұқсас ер адамдардың есімдері Күнжарық (ашық күн), Айжарық (ашық ай), Таңжарық (ашық таң) сияқты сөздерден жасалған, бұл сөздерден сұлу (әдемі) және жарық (ашық) сын есімдерімен берілген анықтамалар анықталған Күн (Күн), Ай (ай) және Таң (таңғы таң). Мұндай есімдерде соңғы компоненттерде (сұлу мен жарық), ал бірінші компоненттерде (күн, ай, таң) - деген сөздер арқылы бірігіп, жеке есімдерді құрайтын тіркестер өте сирек кездеседі» [6,б.126]. Ғалым «Күн, Ай, Таң» сөздері «сұлу» және «жарық» сөздерімен тіркесіп, Күнсұлу, Айсұлу, Таңсұлу, Күнжарық, Айжарық, Таңжарық есімдері жасалғандығын және сөйлемдегі қызметін анықтайды.

Түркі-татарларда да қазақ тіліндегідей Ай, Көн, Таң (Ай, Күн, Таң) сөздерінің тірек болуынан: Айбулат, Айваз, Айвар, Айдин, Айнур, Айзат, Айдар, Айдис, Айгөл, Айзидә, Айдан, Айсина, Айсылу, Айзилә, Айназ, Таң, Таңгөл, Таңчулпан, Таңсылу, Таңнур, Таңсу және т.б. кісі есімдері жасалады [2,б.19]. Ал Г.Ф.Саттаровтың мақаласында татар тілінің антропонимиясының ежелгі түркілердің наным-сенімдеріне сәйкес аспанға, табиғатқа табынуды сипаттайтын есімдер Кугәй, (Кук+ай), Айсылу, Чулпан т.б. [7,б.69] туралы көрсетілсе, қырғыз тілінде де Айжамал, Айчурек, Толғанай деген қыз балаға есімдер қойылатыны Айға үлкен құрмет көрсетудің мәні.

Сонымен қатар түркі тілдес халықтарда аспан денелері Айға, Күнге, Жұлдызға және жарық пен сәулеге, Күн Нұрына байланысты қойылатын адам аттары ертеден жалғасып келеді, бұл сөздердің астарында Ай, Күн, Жұлдыз культіне табынумен байланысты «Ай, Күн, Жұлдыздарға» деген шексіз құрмет, наным-сенім жатқанын аңғарамыз [8,б.299-302].



Сол сияқты, қазақ, қырғыз және татарларда қыз бала, ер балаларға Ай, Күн аттарын қоюдың этимологиясы сұлулықты, мейірімділікті, нәзіктік ұғымдарды аңғартады. Бұл үш халықтағы кісі есімдері екі сөздің бірігуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін құрылымдық модельдер жасайды. Мысалы, қазақ тілінде Айға байланысты: Ай+сұлу, Ай+жарық, Ай+нұр, Ай+шуақ, Ай+барша, Ай+жан, Ай+күміс, Ай-сәуле, Ай+пара, Ай+бек, Ай+дос, Ай+дар, Ай+дар+бек, т.б.; Күнге және нұрға байланысты: Күн+сұлу, Күн+жарық, Күн+ту, Күн+туар, Нұр+ай, Нұр+сұлу, Нұр+жан, Нұр+ғаным, Нұр+тай, Нұр+бала, Нұр+бол, Нұр+бай, Нұр+бек, Нұр+бибі, Нұр+алы, Нұр+ғали, Нұр+сұлтан, Нұр+сұлу, Нұр+гүл, Нұр+жігіт. Нұр+қасым, Нұр+туған, Нұр+сауле, т.б. Түркі-татарларда Айға байланысты: Ай+булат, Ай+ваз, Ай+вар, Ай+дин, Ай+нур, Ай+зат, Ай+дар, Ай+дис, Ай+гөл, Ай+зидә, Ай+дан, Ай+синә, Ай+сылу, Ай+зилә, Ай+наз, т.б.; Қырғыздарда Айға байланысты: Ай+жамал, Айчурек, Толған-ай деген есімдер қыз балаға қойылады.

Қорытынды

Тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйінге сыйғыза отырып, халықтың рухани байлығын бейнелейтін абстрактілі ұғымдағы культке қатысты тұрақты тіркестердің құрылымдық сипатын байқадық. Соған сәйкес мифологиялық түсінік бойынша бүкіл ғаламды жаратушы, оны билеп төстеуші, табиғаттан тыс бір ғана күдіретті күш ретінде бейнеленетін жаратушы күш Тәңірінің тілдік көріністері «Әлем ↔ Тәңірі ↔ Өмір ↔ Өлім ↔ Адам» мифологемалары аясында қарастырылды.

ӘДЕБИЕТ

[1] *Күлтегін: Көне түркі жазба ескерткіші / Көне түркі тілінен аудар. М.Жолдасбеков. - Алматы, 1986. -80 б.*

[2] *Галиуллина Г.Р. Татарская антропонимия в лингвокультурологическом аспекте / Г.Р.Галиуллина. Автореферат дисс. ...доктр. филол. наук. Казань, 2009. - 44 с.*

[3] *Осмонкулов Ж. Теңізбай журту жөнүндө [Электронный ресурс] / Ж. Осмонкулов. - Режим доступа: <http://sanjira.ru/sanjira/126.html>.*

[4] *Бегметов Э. Антропонимика узбекского языка / Э.Бегметов. - Ташкент, -1965 - С. 18.*

[5] *Рысбаева Г.Қ. Орхон ескерткіштеріндегі көне түркілердің дүниетанымы. 104-105 бб. / Проблемы языкознания [Электронный ресурс] / Г.Қ.Рысбаева .- Режим доступа: <https://emirsaba.org/problemi-yazikoznaniya-v3.html?page=13%2018.42%20%>*

[6] *Жұбанов Е. Қазақтың ауызекі көркем тілі / Е.Жұбанов.- Алматы, 1996. -126 б.*

[7] *Саттаров Г.Ф. Некоторые вопросы татарской антропонимии / Г.Ф.Саттаров // Вопросы истории философии и педагогики. - Казань, 1965, -вып. 1. С.69.*

[8] *Rysbayeva G. Animistic beliefs and totemic Personal Names in the world picture. Life Science Journal. 2014. Volume 11(11s). 299-302 бб.Режим доступа: http://www.lifesciencesite.com/ljs/life1111s/067_25862life1111s14_299_302.*

REFERENCES

[1] *Kúltegin: Kóne túrki jazba eskertkishi [Kúltegin: Kóne túrki jazba] (1986). Kóne túrki tilinen áydarma. M.Joldasbekov - Monument of ancient Turkic writing. Almaty [in Kazakh].*

[2] *Galyullina, G.R. (2009). lngvomádeniettegi tatar antroponimiasy [Tatar anthroponymy in the linguoculturological aspect]. The author's abstract diss. ...dr. philol. sciences' Kazan' [in Russian].*

[3] *Osmonqulov, J. Teñizbai jurty [About Tengizbay people] Retrieved from-<http://www.science-education.ru/109-9577> [in Kirgiz].*

[4] *Begmetov, E. (1965). Ózbek tiliniñ Antroponimikasy [Anthroponymy of the Uzbek language]. Tashkent [in Russian].*



[5] Rysbayeva, G.Q. *Orkhon eskertkishterindegi kóne túrkilerdiń dúnietanymy [Worldview of the ancient Turks in Orkhon monuments]. Til bilimi máseleleri. Retrieved from <http://emirsaba.org/problemi-yazikoznaniya-v3.html?page=13%2018.42%20%> [in Kazakh].*

[6] Jubanov, E. (1996). *Qazaqtyń aýyzeke kórkem tili [Kazakh spoken artistic language] Almaty [in Kazakh].*

[7] Sattarov, G.F. (1965). *Tatar antroponimiasynyń kebir máseleleri [Some questions of Tatar anthroponymy]. Questions of history philosophy and pedagogy.- Qazan [in Russian].*

[8] Rysbayeva, G. (2014). *Animistic beliefs and totemic Personal Names in the world picture. Life Science Journal. Retrieved from http://www.lifesciencesite.com/ljsj/life1111s/067_25862life1111s14_299_302.pdf [in English].*

Рысбаева Г., Исаева Ж., Тунгушбаева Г., Алиева С. ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

Аннотация. В этой статье автор рассказывает о духовном наследии тюркских народов. Орхоно-енсейский памятник VIII века, ставший всемирно известным, рассматривает культовые слова «Аллах», «Бог», «Тенгри» с точки зрения языковой картины мира. Культовые лексемы «Бог», «Аллах», «Тенгри», вошедшие в арабо-персидский язык, служат основным опорным компонентом, сочетаясь с глаголами «берди», «берген», образуются имена таких мужчин, как Аллаберген, Тенгриберген, Кудайберген, Жасаганберген, Аллаберди, Кудайберды, Тенгриберды. Выявляется когнитивная модель концепта «Силы Творца» в Национальном мировоззрении - концепты-синонимы «Бог», «Аллах», «Тенгри», проводится этнолингвистический анализ когнитивных единиц, сформированных из лексики коренных народов, относящихся к этническому мировоззрению и традициям, предрассудкам. Культовые фразеологизмы с опорными словами «Бог», «Аллах», «Тенгри» занимают особое место в мировоззренческой системе тюркских народов. В сознании человека отражение мира реализуется через когнитивную структуру, когнитивные единицы.

Ключевые слова: духовное наследие; Орхоно-енсейская письменность; культовые слова; Алла; Кудай; Тенгри.

Rysbayeva Guldarkhan, Issayeva Zhanar, Tungushbayeva Galiya, Aliyeva Salima THE SPIRITUAL HERITAGE OF THE TURKIC PEOPLES

Annotation. In this article, the author talks about the spiritual heritage of the Turkic peoples. The Orkhon-Yensei monument of the VIII century, which has become world-famous, examines the cult words "Allah", "God", "Tengri" from the point of view of the linguistic picture of the world. The cult lexemes "God", "Allah", "Tengri", included in the Arabic-Persian language, serve as the main supporting component, combining with the verbs "berdi", "bergen", the names of such men as Allabergen, Tengribergen, Kudaibergen, Zhasaganbergen, Allaberdi, Kudaiberdy, Tengriberdy are formed. The cognitive model of the concept of "The Power of the Creator" in the National worldview is revealed - the concepts are synonyms "God", "Allah", "Tengri", an ethnolinguistic analysis of cognitive units formed from the vocabulary of indigenous peoples related to ethnic worldview and traditions, prejudices is carried out. Cult phraseological units with the reference words "God", "Allah", "Tengri" occupy a special place in the ideological system of the Turkic peoples. In the human mind, the reflection of the world is realized through a cognitive structure, cognitive units.

Keywords: spiritual heritage; Orkhon-Enysei inscription; cult words; Alla; Kudai; Tangri.